2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі I санатты цирк әртісі маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі II санатты цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім, спорттық дайындықтың болуы және циркте 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

**Параграф 40. "Акробатика" жанрының (партерлік, секіргіш, жеке секіру, топтық секіру, трамплиннен секіру, иық акробатикасы, лақтыратын тақтайлармен, икарий ойындары, батутта секіру, темптік және каскадтық, күштік, топтық, пластикалық, дара, атпен, ат үсті акробатикасы, сальтоморталистер, жокейлер, па-де-де, па-де-тура, гротеск, вольтиж, шабандоздық, жұптық, әуе, жиектемеде, штамбортта) әртісі**

170. Лауазымдық міндеттері:

көркемдік нөмірлерді дайындайды;

цирк көрсетілімдеріне, көрсетілім сценарийіне сәйкес феерияларға, шеру-бастамаларға, эпилогтарға, интермедияларға және топтық антрелерге қатысады; ассистенттердің жұмысын қамтамасыз етеді;

171. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

актерлік шеберлік пен грим шеберлігі негіздерін, сақтандыру және пассировка құралдарын, акробатика жанрының даму тарихы мен жолдарын, жаттықтырушы жұмысының әдістемесін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерін.

172. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі I санатты цирк әртісі маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі II санатты цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім, спорттық дайындықтың болуы және циркте 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

#### **Параграф 41. Цирктің негізгі емес жанрларының (вентрология, имитаторлар, мнемотехника, роликпен жүгірушілер, тәрелкелер, бұғалық, шеңберлер, стрелкалар) әртісі**

173. Лауазымдық міндеттері:

көркемдік нөмірлерді дайындайды;

цирк көрсетілімдеріне, көрсетілім сценарийіне сәйкес феерияларға, шеру-бастамаларға, эпилогтарға, интермедияларға және топтық антрелерге қатысады;

еңбек қауіпсіздігі жән еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді сақтайды;

ассистенттердің жұмысын үйлестіреді.

174. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

актерлік шеберлік және грим шеберлігі негіздерін, сақтандыру және пассировка құралдарын, акробатика жанрының даму тарихы мен жолдарын, жаттықтырушы жұмысының әдістемесін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді.

175. Біліктілікке қойылатын талаптар;

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі I санатты цирк әртісі маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі II санатты цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім, спорттық дайындықтың болуы және циркте 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

## **Параграф 42. Цирк балетінің әртісі**

176. Лауазымдық міндеттері:

балет репертуарларын орындайды;

шерулерге, бастамалар мен эпилогтарға, көпшілік көріністерге, күлкілі қысқа пьесаларға, цирктік пантомималар мен тақырыптық көрсетілімдер қойылымдары



кезінде көпшілік клоунадаға және антрелерге, қала бойынша кавалькадаларға қатысады

177. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

цирктік және хореографиялық терминологияны, актерлік шеберлік, сахналық қозғалыс және сөйлеу мәнері негіздерін, кәсіби дайындық әдістемесін.

178. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі I санатты цирк әртісі маманы лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі II санатты цирк әртісі маманы лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ цирк әртісі маманы лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) немесе жалпы орта білім, спорттық дайындықтың болуы және циркте 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

## Параграф 43. Цирк әртісінің ассистенті

179. Лауазымдық міндеттері:

дайындықтар мен көрсетілімдер кезінде цирк әртісіне көмектеседі;

цирктік өнер көрсету кезінде пайдаланылатын реквизиттердің, аппаратулардың жағдайын бақылайды, оларға жөндеу жүргізеді;

реквизиттерді, жануарлардың манежге шығуын дайындайды және олармен бірге манежге шығады;

жазатайым оқиғалардың туындауын болдырмау мақсатында әртісті нөмір, аттракцион жұмысы кезінде сақтандырады және демеу көрсетеді;

цирктегі және гастрольдердегі ағымдағы жөндеу жұмыстарына және жүк тиеу-түсіру жұмыстарына қатысады;

цирк спектаклін өткізу үшін декорацияларды құрастырады.

180. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

нөмірлерде, аттракциондарда қолданылатын аппаратуралар механизмдері мен реквизит пайдалану әдістерін, жануарлармен нөмірлерде дрессура жанрының және жануарлар түрлеріне байланысты жануарларды бағып-күту және оларға күтім жасауды, жануарлардың әдеттерін, дрессура негіздерін, көзбайлаушылық нөмірлерде, аттракциондарда хореография, сахналық қимыл негіздерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді.

181. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі I санатты цирк әртісі маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі II санатты цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім, спорттық дайындықтың болуы және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ цирк әртісі маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім, спорттық дайындықтың болуы және циркте 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

#### **Параграф 44. Театрлық ойын-сауық ұйымның (театрдың, концерттік ұйымның, цирктің) өкімшісі**

182. Лауазымдық міндеттері:

көрермендерді қабылдау және қызмет көрсету үшін көрермендер залын, театрлық ойын-сауық ұйымның шығармашылық (орындаушылық) құрамының қалыпты жұмыс жағдайын қамтамасыз ету үшін сахна сыртындағы бөлмелерді даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

жарнаманың уақытылы таратылуын, бағдарламалардың, буклеттердің сатылымын ұйымдастырады;

іс-шараларды өткізу кезінде, соның ішінде сапарларда және гастрольдерде көрермендерге қызмет көрсетудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етеді;

көрермендерге, ұйымның қызметкерлеріне қызмет көрсететін буфеттердің жұмысын қамтамасыз етеді, фойеде сауда нүктелерінің жұмысын ұйымдастырады;

басшылықтың тапсырмасымен көшпелі спектакльдер (концерттер, көрсетілімдер) жүргізеді;

олардың жарнамалануын қамтамасыз етеді;

қызметкерлерді және мүліктерді тасымалдауды ұйымдастырады, басылған бағдарламаларды таратуды ұйымдастырады;

гастрольдерді дайындауға және өткізуге қатысады.

183. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді.

184. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

#### **Параграф 45. Музыкалық жетекші (редактор)**

185. Лауазымдық міндеттері:

театрлық ойын-сауық ұйымдардың (музыкалық комедия театрларының, концерттік ұйымдардың, цирктердің, дербес музыкалық, би және хореография ұжымдарының) репертуарын қалыптастыруға қатысады;

қажетті музыкалық материалдарды таңдайды;

мамандардың кеңестерін ұйымдастырады;

шығармашылық одақтармен, орындаушылармен, композиторлармен, авторлық құқықтарды қорғау жөніндегі органдармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады;

шығармашылық өтінімдерді қарастырады, олар бойынша қорытындылар жасайды;

жаңа туындыларды, жаңа орындаушыларды талқылауды ұйымдастырады, оларды шығармашылық ұжымның жаңа бағдарламаларына енгізуге ұсыныс жасайды;

жаңа шығармаларды жасау немесе сатып алу үшін шарттар дайындайды;

авторлардың шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді;

жарнамалық материалдарды редакциялайды және олардың шығуын қадағалайды;

баспасөзбен байланысты жүзеге асырады, ұжымның шығармашылық өмірі туралы ақпараттық материалдарды дайындайды және жариялау үшін тапсырады.

186. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

орындаушылық өнер ұйымдары қызметінің бағытын, музыкалық өнер тарихын, музыкалық теория мен аспаптану негіздерін, классикалық және заманауи музыкалық репертуарларды, кәсіби оркестрлеу, өңдеу тәсілдерін.

187. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

#### **Параграф 46. Музыкалық әрлеуші**

188. Лауазымдық міндеттері:

қойылымның (спектакльдің, концерттің, көрсетілімнің) музыкалық әрленуін көркемдік түпкі ойына сәйкес жүзеге асырады;

режиссермен бірлесіп болашақ қойылымның (спектакльдің, концерттің, көрсетілімнің) музыкалық әрлеу сипатын әзірлейді;

дайын айрықша музыканы бекітуге қатысады;

концерттік материалдарға қажетті музыканы іріктеуді және құрастыруды жүргізеді; музыкалық фонограммаларды монтаждайды;

дыбыс жазу үшін музыкалық материалдарды дайындайды және оның көркемдік сапасын қамтамасыз етеді.

189. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

режиссура, еңбек және басқару, композиторлық шеберлік негіздерін, музыкалық аспаптардың дыбыстық қасиеттерін, музыкалық өнер тарихын, музыкалық өнер саласындағы ең жаңа жетістіктерді.

190. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

**Параграф 47. Музыкалық дыбыс режиссері-көркемдеуші ((көркемдеуші), көркемдеуші-композитор (көркемдеуші), эстрада композиторы-көркемдеуші (көркемдеуші))**

191. Лауазымдық міндеттері:

концерттік ұйымдардың шығармашылық және өндірістік қызметтеріне қатысады; музыкалық немесе хореографиялық ұжымдардың репертуарларын қалыптастыруға қатысады;

ноталық материалды дайындау бойынша жұмыстарды (музыканы көркемдеуді, ыңғайлауды, транскрипциялауды, өңдеуді) жүзеге асырады;

арнайы компьютерлік бағдарламалардың көмегімен музыканы көркемдейді;

композитор мен музыканттың жұмысын қоса атқара отырып, әрбір аспапқа жеке музыкалық партияларды жазуға қатысады;

жаңа музыкалық шығарманың жанрлық және стилистикалық шешімін жүзеге асырады;

дыбыстық жазбаларды монтаждау үдерісіне жетекшілік етеді;

дайын айрықша музыканы бекітуге қатысады;

музыкалық фонограммаларды монтаждайды;

дыбыстық жазбаға музыкалық материалдарды дайындайды және оның көркемдік сапасын қамтамасыз етеді.

192. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

композиция негіздерін, акустика және дыбыстық техника саласындағы жетістіктерді, концерттік ұйымдарда қолданылатын дыбыстық жазба және дыбыс жаңғыртушы аппаратураларының жұмысын және құрылғыларын, театр және концерт залдарының акустикалық ерекшеліктерін.

193. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

санаты жоқ: өнер және гуманитарлық ғылымдар (музыкатану) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және кәсіби қызмет бағыты бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "аспаптық орындаушылық және эстрада музыкалық өнері" мамандығы бойынша кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

#### **Параграф 48. Халық музыкасын зерттеу саласындағы музыкатанушы**

194. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның жарғылық міндеттеріне сәйкес халық музыкасын жинау және өңдеу бойынша жұмысты жоспарлайды және ұйымдастырады;

көркемдік және ауыз шығармашылығы жанрлары бойынша халық музыкасы шығармаларын, салт-дәстүрлерді жинақтау мақсатында экспедициялар мен іссапарларды жүргізеді;

әуесқой өнер ұжымдарына халық репертуарын қалыптастыруға тәжірибелік көмек көрсетеді;

халық материалдарымен жұмыс істеу теориясы мен тәжірибесінің түрлі мәселелері бойынша қажетті кеңестер, семинарлар, тағылымдамалар жүргізеді.

мамандандырылған мәдениет мекемелерінің халық музыканттарына мәліметтер қорын жинау және қалыптастыру бойынша тәжірибелік көмек көрсетеді; халық музыкасына қатысты материалдарды өңдеу мен жүйелеу жөнінде әдістемелік ұсыныстар береді;

ғылым өкілдерімен ынтымақтастықта болады;

халық музыкасы саласында шетел мамандарымен байланыс жасайды;

халықтық ұжымдар туралы мәліметтер қорын жасау жұмысына жетекшілік етеді;

халықтық мерекелерді дайындауға және өткізуге қатысады.

195. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

мәдени-демалыс мекемелерінің құрылымдық ерекшеліктерін, тұрғындардың бұқаралық демалысын ұйымдастыру, өндірістік қуатты, өндірістік үдерістің технологиясын.

196. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (музыкатану, аспаптық орындаушылық, дәстүрлі музыка өнері, композиция) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (музыкатану, аспаптық орындаушылық, дәстүрлі музыка өнері, композиция) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (музыкатану, аспаптық орындаушылық, дәстүрлі музыка өнері, композиция) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (музыкатану, аспаптық орындаушылық, дәстүрлі музыка өнері, композиция) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

#### **Параграф 49. Декорация жөніндегі оператор (жарық аппаратурасы бойынша)**

197. Лауазымдық міндеттері:

жарық партитурасына сәйкес спектакль және дайындық кезінде сахнаға электржарықтандыру аппаратураларын орнатуды және сахнаны жабдықтауды жүзеге асырады;

спектакльдерге арналған жарық әсерлерін құру үшін аппараттарды дайындауды, жарық аппаратуралары мен құралдарын құрастыруды, көшпелі спектакльдер мен гастрольдер кезінде сахналық жарық аппаратурасын буып-қаптауды және тасымалдауды жүзеге асырады.

198. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;



"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

жарықтандырғыш құралдарының құрылғысы мен жұмыс істеу қағидасын, оларды желіге қосу тәсілдерін, жарықтандырғыш құралдардың рұқсат етілетін қуатын, сымдарды тұтыну қимасын, тұрақты және ауыспалы тоқ қасиеттерін, электр сымдарын монтаждау және жарықтандырғыш аппаратуралар мен құралдарды жөндеу жұмысын, сахналық жарықтандыруды, қолданылатын материалдардың түрлерін.

199. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім және мамандығы бойынша 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

#### **Параграф 50. Дыбыс жазу операторы (дыбыс операторы)**

200. Лауазымдық міндеттері:

дыбыстың техникалық сапасын қамтамасыз етеді;

режиссерлік сценарий жасауға қатысады;

спектакльдердің дыбыстық шешімі бойынша жұмыс жасайды;

спектакльдерді дыбыстық және шуылмен көркемдеуді жүзеге асырады;

көрсетілімдерге, актерлік тапсыруларға, үстел басындағы дайындықтарға қатысады; сахна алаңының акустикалық ерекшеліктеріне байланысты әртістерді орналастыруға қатысады;

дайындықтарды өткізу, дыбыс жазу үшін қажетті дыбыс техникалық құралдарын белгілейді;

микрофондарды орналастыруға жетекшілік етеді, ерекше дыбыстық әсерлердің сынамалық жазбаларын жүргізеді;

спектакльдерде пайдалану үшін, арнайы дыбыс әсерлерін жасау үшін арнайы дыбыстық жазбаларды жасайды;

дыбыстық жазбаларды монтаждау үдерісіне жетекшілік етеді, шу түрлерін толықтырады.

201. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

акустика мен дыбыс техникасы саласындағы жетістіктерді, орындаушылық өнер ұйымдарында қолданылатын дыбыс жазатын және дыбыс шығарушы аппаратуралардың жұмысын және құрылғыларын, театр және концерт залдарының акустикалық ерекшеліктерін.

202. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "театрлық-декоративтік өнер" немесе "телекоммуникациялық жабдықтар мен тұрмыстық техникаға қызмет көрсету және жөндеу" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім немесе жалпы орта білім және театрлық ойын-сауық ұйымындағы 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

## **Параграф 51. Суфлер**

203. Лауазымдық міндеттері:

дайындық, спектакль барысын, пьеса мәтіні бойынша қадағалайды және әртістерге қажет болғанда рөл мәтінін сыбырлап айтады;

театрда пьесалар мен рөл мәтіндерінің салыстырып тексерілген даналарының болуын қамтамасыз етеді;

орындалып жатқан шығарманың клавирін оқиды.

204. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

әртістердің жұмыс ерекшелігін, спектакльдердің, мизансценалардың режиссерлік шешімі және құрылымын, ырғағын, мәтінді оқу қарқынын, үзілісті, музыкалық және шуыл сәттерін.

205. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (актерлік өнер, режиссура, сценография, өнертану) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану, журналистика) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім немесе "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

## **Параграф 52. Әртіс-Конферансье**

206. Лауазымдық міндеттері:

концерттер өткізуге қатысады, концерттік нөмірлерді хабарлайды, нөмірлер арасында сахнаға шығады;

концерт өткізу кезінде залмен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады.

207. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

музыкалық театрлар мен концерттік ұйымдардың классикалық және заманауи репертуарын, музыка және театр тарихын, музыкалық драматургия, актерлік шеберлік, вокал өнері негіздерін, вокалдық педагогика әдістемесін.

208. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

### **Параграф 53. Зоотехник**

209. Лауазымдық міндеттері:

жануарлардың күтімі мен азықтандырылуын, оларға арналған үй-жайларда температура және ылғалдылық режимін, жануарларды күтімге алғанда және бекемдеп байлауда қолданылатын барлық құралдар мен аспаптардың жарамдылығын қамтамасыз етеді:

азықтандыру есептерін және жемазық тізімдемелерін құрастырады;

жануарлардың орнын ауыстыруларды, тасымалдауды және қайта орналастыруды жүзеге асырады;

дәрігерлік-профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін жануарларды бекемдеп байлауды немесе оларды ұстап алуды қамтамасыз етеді;

жануарлар бар орын-жайларды қайта кодтауды жүзеге асырады;

жануарларды емдегенде ветеринар-дәрігерлерге көмек көрсетеді.

210. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Ветеринария туралы", "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

зоотехникалық және ветеринариялық қызмет негіздерін, жануарлар мен құстар биологиясын;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын.

211. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша саласындағы жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі ;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби , орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 54. Ветеринар-дәрігер**

### **212. Лауазымдық міндеттері:**

цирк жануарларының аурулары мен өлім-жітімінің алдын алу үшін ветеринариялық-профилактикалық, ветеринариялық-санитарлық және клиникалық-зертханалық іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді;

бекітіліп берілген секцияларда жануарларды күнделікті қадағалауды жүзеге асырады;

өндірістік орынжайлар мен аумақтың ветеринариялық-санитарлық жағдайын қадағалайды;

циркке жаңадан әкелінген жануарларға карантиндік іс-шаралар жүргізеді, ауру жануарларды анықтайды, оларды оқшаулайды, ауруға шалдыққан жануарларға диагностикалық зерттеулер және емдеу, сақтандыру екпелерін, емдеу-профилактикалық өңдеулерді жүргізеді;

азықтардың сапасын және ветеринариялық дәріхананың қызметін қамтамасыз етеді;  
жануарлардың жарамсызын шығаруға қатысады және сойыс малдарының етін пайдалану бойынша қорытындылар жасайды;

зообақтың ғылыми жұмыс жоспарына сәйкес зерттеулер жүргізеді, жабайы жануарларды емдеу мәселелері бойынша зообаққа келушілерге және ұйымдарға кенестер береді;

бақылаудағы жануарлардың есебін жүргізеді.

213. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Ветеринария туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

зообақтағы жануарлар мен құстар биологиясын, оларға тән ауруларды, оларды алдын алу және емдеуді, ветеринариялық-санитарлық сараптаманы, ветеринария және ветеринариялық-санитариялық сараптама саласындағы озық жетістіктерді.

214. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі

;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша

біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 55. Зертханашы**

215. Лауазымдық міндеттері:

зертханалық талдамалар және зерттеулерді орындайды;

зерттеулер мен тәжірибелердің бастапқы материалдарын жинауға және өңдеуге қатысады;

биологиялық зерттеулерге арналған препараттарды, аспаптарды, арнайы киімдерді дайындайды;

зертхана жабдықтарының жарамды болуын қадағалайды, оларды баптау мен реттеуді жүзеге асырады, тиісті сақталуын қамтамасыз етеді;

зерттеулер мен тәжірибелердің орындалуына қатысады, оларды жүргізу кезінде даярлық жұмыстарын, жануарларды қадағалауды жүзеге асырады;

ветеринар-дәрігер жүргізетін жұмыстарға құжаттамаларды жасауға және рәсімдеуге қатысады.

216. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Ветеринария туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

зоотехникалық және ветеринариялық қызмет негіздерін, талдаулар, сынақтар және зерттеулерді жүргізу әдістемелерін, зоотехникалық және ветеринариялық қызмет бойынша басқарушы және анықтамалық материалдарды, зертхана жабдығы мен оны пайдалануды.

217. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, ветеринария кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі ;

3) II санаттағы: "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби , орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында ретінде 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "ветеринария" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

### **3-бөлім. Басқа қызметшілердің (техникалық орындаушылар) лауазымдары**

#### **Параграф 1. Киім қоймасының меңгерушісі**

218. Лауазымдық міндеттері:

қойылымдарды (спектакльдер, концерттер, көрсетілімдерді) өткізу кезінде костюмдер мен оларға арналған аксессуарларға таңдау жасайды;

күнделікті және қосалқы гардеробтағы костюмдердің сақталуын, олардың уақтылы тазалануын және залалсыздандырылуын, жөнделуін және толықтырылуын, көшпелі спектакльдер мен гастрольдер кезінде сахна киімдерінің дайындығы мен буып-түйілуін қамтамасыз етеді.

219. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

әрбір қойылымның (спектакльдің, концерттік бағдарламаның, көрсетілімдердің) костюмдерін, костюм тарихын.

220. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

### **3-тарау. Кинематография ұйымдарының және кинотеатрлардың басшылары, мамандары және басқа да қызметшілерінің біліктілік сипаттамалары**

#### **1-бөлім. Басшылар лауазымдары**

#### **Параграф 1. Кинематография ұйымының және кинотеатрдың басшысы (директоры)**

221. Лауазымдық міндеттері:

кинематография ұйымдары мен кинотеатрлардың (бұдан әрі- кинематография ұйымы) шығармашылық, өндірістік, шаруашылық және қаржылық қызметін басқарады;

ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуын, оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерін қамтамасыз етеді, жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады;

кинематография ұйымы қызметінің саясатын, стратегиясын және оларды іске асыру тетіктерін анықтайды;

заңды тұлғалармен шарттар, мәмілелер, операциялар жасасады, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;

ұйымның басқару құрылымын анықтайды;

өндірістік үдерістің үздіксіздігін, кинокартинамен жұмыс істеудің барлық кезеңдерінде жоспарлы мерзімдердің орындалуын, бас смета баптарының қадағалануын, фильмдердің жалға берілуі (прокат) мен көпшілікке көрсетілімін қамтамасыз етеді;

ғылыми-техникалық ілгерілеуді енгізуді жүзеге асырады;

кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби деңгейлерін арттыруға жағдайлар жасайды;

халықаралық экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарды орнату бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

222. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін;

Еңбек кодексін;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "



Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Кинематография туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

223. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білімі:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

1) республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кинематография ұйымдары және кинотеатрлары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес;

2) қалалық, аудандық маңызы бар кинематография ұйымдары және кинотеатрлары, филиалдар үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 2 жылдан кем емес.

## **Параграф 2. Кинематография ұйымы және кинотеатр басшысының (директорының) орынбасары**

224. Лауазымдық міндеттері:

құрылымдық бөлімшелердің қызметіне, түсіру топтарының жұмысына басшылық жасайды;

өндірістік және қаржылық жоспарларды жасауды ұйымдастырады, олардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді, сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмысқа жеке жауапкершілікте болады;

жоспарланған кинокартиналардың өндіріске жіберілуін және өндірістік үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

көшірмелеуге бастапқы материалдарды дайындау және тапсыру үдерісін қамтамасыз етеді;

тұрақты жерлерде тұрғындарға фильмдер көрсетілімімен ұдайы қызмет көрсетуді және өңірлерге сапарларды ұйымдастырады;

көрермендердің ұлттық, кәсіби, жас мөлшері ерекшеліктерін ескере отырып, фильмдер көрсетудің репертуарлық жоспарлануын жүзеге асырады;

ойын-сауық іс-шараларды, мерекелерді, фестивальдарды, байқауларды, концерттерді, конференцияларды, тұсаукесерлерді, көрмелерді, кино және өнер қайраткерлерімен кездесулерді, премьералық көрсетілімдерді, тақырыптық көрсетілімдерді, ұлттық және балалар киносы апталықтарын, мәдени іс-шараларды өткізуді; мәдени ойын-сауық қызметтерін (сценарийлер жасау, клиптер, бейнероликтер, фильмдер, телехабарлар, телебағдарламалар дайындау) көрсету жөнінде ұйымдармен, мекемелермен және жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша әлеуметтік-шығармашылық тапсырыстардың орындалуын, кинотеатрға барған кезде кешенді мәдени-демалыс және сервистік қызмет көрсетуді, мектептерде, бала бақшаларға, студент жастарға, ұйымдарға, мекемелерге, жеке тұлғаларға іс-шаралар өткізуді; бұқаралық ақпарат құралдарында кино және бейнефильмдердің жарнамаларын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

білім беру мекемелерімен, жастар бірлестігімен, балалар ұжымдарымен, ардагерлерлік ұйымдармен, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар санаттарымен, ұлттық-мәдени орталықтармен ұлттық мәдениеттерді дамыту және өзара байыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

құрылымдық бөлімшелер үшін кадрларды іріктеуді қамтамасыз етеді және оларды ұйым басшысына ұсынады;

өндірісті ұйымдастыруда жоспарлаудың ең жаңа әдістері мен жүйелерін өндіріске енгізеді.

225. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Кинематография туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

226. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білімі:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

1) республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кинематография ұйымдары және кинотеатрлары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 4 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 3 жылдан кем емес;

2) қалалық, аудандық маңызы бар кинематография ұйымдары және кинотеатрлары, филиалдар үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 2 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 1 жылдан кем емес.

### **Параграф 3. Бас режиссер**

## 227. Лауазымдық міндеттері:

фильм жасаудағы шығармашылық-өндірістік үдерістің ұйымдастырылуын жүзеге асырады;

режиссерлік жұмыс кезеңінде смета лимитін, күнтізбелік қойылым жоспары мен бас сметаны жасауға қатысады;

қойылымдық жобамен жұмыстардың уақтылы өткізілуін ұйымдастырады, оны жасауға және қорғауға қатысады;

кинематографиялық материалды іріктеуді ұйымдастырады;

табиғи түсірілім орындарын таңдауға қатысады;

актерлерді, эпизодтық, топтық және көпшілік көріністердің қатысушыларын іріктеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады;

актерлердің фото- және киносынамаларын ұйымдастырады;

фильмдерді жасауға бас сметада бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуын қамтамасыз етеді;

түсірілімді белгілейді және дайындайды, шығармашылық үдерістің үйлесімдігін және үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

түсірілген материалды көруді және талқылауды ұйымдастырады;

кинорежиссердің ассистенттері мен көмекшілерінің жұмыстарына жетекшілік жасайды;

шығармашылық ұжыммен бірлесіп, фильмді көшіру, қысқарту және көшірмені қайта монтаждау жөніндегі барлық жұмыс кешенін жүзеге асырады;

дубляждың көркемдік сапасын, дубляжалған фильм кейіпкерлерінің режиссерлік түсініктемесінің дұрыстығын қамтамасыз етеді;

фильмді дыбыстауға және музыка жазуға қатысады;

жарнама роликтерін дайындауды ұйымдастырады, қойылымдық жобаға кіретін жарнамалық материалдарды фильм өндірісі аяқталысымен киностудияның ақпараттық бөліміне өткізеді;

фильмді жасау бойынша жұмыс істейтін қызметкерлермен келісім-шарттық қарым-қатынастардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді.

## 228. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

көркем кино және телефильм режиссурасы теориясын, орыс, шетел әдебиетін, кино драматургиясы, кинооператорлық шеберлік негіздерін, фильмдерді монтаждау технологиясын, кино актерінің шығармашылық қызметін, фильм өндірісінің технологиясын, ұйымдастырылуын және экономикасын.

229. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

#### **Параграф 4. Бас дыбыс режиссері**

230. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің дыбыстық шешімін жасау және жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарға басшылық етеді;

кинокартинадағы дыбыстың көркемдік-техникалық сапасын қамтамасыз етеді;

қоюшы режиссермен және композитормен бірлесіп фильмнің дыбыстық құрылымының жоспарын жасайды;

фильмнің дыбыстық шешіміне қатысты қойылымдық жобаны, күнтізбелік-қойылымдық фильмді және бас сметаны жасауға қатысады;

актерлердің дауыстық дикциялық қабілеттерін анықтайды, актерлік сынамалардың сапалы жазылуы үшін тиімді режимді анықтайды, фильмге арналған дайын музыканың музыкалық экспликациясын бекітуге қатысады;

түрлі акустикалық әсер ету шарттарын, дыбыс аппаратурасының орналасу мүмкіндіктерін айқындай отырып, ішкі көріністер мен табиғи түсірілім орындарын таңдауға қатысады;

түсірілімді бастауға барлық дыбыс жолының дайындығын қабылдайды;

дыбыс бригадасының жұмысын бақылайды;

қажетті дыбыстық бейнелер мен фактураларды жасау үшін дыбыстық компоненттер фонограммасын жасайды және өңдейді, дыбыстық таспаларды монтаждауға жетекшілік етеді;

картинаға кететін фонотекалық материалдарды іріктейді;

күнтізбелік-қойылымдық жоспарда және бас сметада көрсетілген нормалар мен мерзімдердің сақталуын, фильмді дыбыстауға қатысты сапалы бастапқы материалдардың уақтылы өткізілуін қамтамасыз етеді.

231. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дыбыс операторлық шеберлікті: дыбыс, монтаж бейнелерінің өзара көркемдік байланыс қағидаларын, дыбыс жазудың трюктік және арнайы түрлерінің әдістерін, дыбыстың стереофоникалық берілу тәсілдерін, дыбыс жазу аппаратурасын, музыкалық аспаптардың, сөз бен вокалдың дыбыстық құрылымдарын, фильм өндірісі технологиясының негіздерін, отандық және шетелдік кино өнерінің және кинотехниканың тың жетістіктерін.

232. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және дыбыс режиссері лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 4 жылдан кем емес.

## **Параграф 5. Бас кинооператор**

233. Лауазымдық міндеттері:

кинооператорлық өнер құралдары арқылы фильм жасаушылардың бірлескен пайымдарын іске асырады, фильмнің көркемдік деңгейін және оның бейнелі түсіндірмесін, кинооператорлық техниканың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

операторлық топқа жетекшілік етеді, оның жұмысын ұйымдастырады;

киносценарий (әдеби сценарийді шығармашылық-өндірістік өңдеу), режиссерлік сценарий жұмыстарына қатысады;

картинаның жарық және түстік тәртібін бекітеді, түсірілімге қажетті оптика аппаратурасының, материалдардың, жарық-техникалық құрылғылардың тізімін жасайды, түсіру тобының операторлық құрамын қалыптастыруға қатысады;

актерлердің киносынамаларын түсіруді жүргізеді;

фильмнің қойылымдық жобасын жасауға, гримдерді бекітуге, дубльдерді таңдауға және түсірілген материалдарды талқылауға, дайын картинаны киностудияның техникалық комиссиясына өткізуге қатысады;

сапалы бастапқы материалдарды тапсыруды қамтамасыз етеді;

кинобейнелеу өнері саласындағы тәжірибелік жұмыстарды өткізуге байланысты жұмыстарды жүзеге асырады.

234. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинодраматургия, кинооператорлық шеберлік негіздерін, көркемдік киножарықтандыру және кинокомпозиция әдістерін, кино түсірудің құрама және арнайы түрлерінің әдістерін, тұстануды, экспонетрияны, киноматериалдардың сипаттамалары мен өңдеу технологиясын, кино түсіру аппаратурасын, жарық техникасын, операторлық көлік құралдарын, көмекші техниканы, фильм өндірісінің технологиясы, ұйымдастырылуы мен экономикасы негіздерін, кино түсіру аппаратурасы мен киножабдықтарын пайдалануды.

235. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 4 жылдан кем емес.

## **Параграф 6. Бас суретші**

236. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің бейнелеу-декорациялық шешімі мен безендірілуінің шығармашылық түпкі ойын жобалайды және жүзеге асырады;

фильмнің көркемдік сапасы мен оның үндестік және түстік құрылымын, заман мен тұрмыстың бейнелі ашылуын, фильмнің стильдік шешімінің біртұтастығын қамтамасыз етеді;

режиссерлік сценарийді жасауға қатысады;

түсіру нысандары мен сахналардың кеңістіктік композициясын және ауқымын, олардың құрылымын, үндестігін, түсін, жарық композициясының сипатын анықтайды;

фильмнің қойылымдық жобасының жасалуына қатысады; фильмнің бейнелік экспликациясының нобайларын жасайды.

237. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

декорациялар, костюмдер, грим, құрама түсірілім бойынша суретші шеберлігін, кескіндеме, сурет, композиция шеберлігін, бейнелеу өнері, костюмдер, мәдениет және тұрмыс, сәулет өнері мен стильдер тарихын, кинодраматургия, кинорежиссура

негіздерін, кинодекорациялық құрылғылар өндірісінің техникасы мен технологиясын, костюмдерді жасау макеттерін, фильм өндірісінің технологиясы, экономикасы мен ұйымдастырылуы негіздерін.

238. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 4 жылдан кем емес.

#### **Параграф 7. Құрылымдық бөлімнің (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың, труппаның) жетекшісі**

239. Лауазымдық міндеттері:

құрылымдық бөлімнің, филиалдың қызметіне жетекшілік етеді және кинобейне өндірісінің үздіксіз циклі мен кино және бейнефильмдер көрсетілімінің реттілігін қамтамасыз ететін жұмысты ұйымдастырады;

жұмысты басқара отырып, келешекке арналған және ағымдағы жұмыс жоспарларын жасауға тікелей қатысады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

құрылымдық бөлімдер үшін кадрларды іріктеуге қатысады;

студия бөлімдерімен және цехтарымен, заңды және жеке тұлғалармен есептесуге негіз болып табылатын актілерді бекітеді және құжаттарға қол қояды;

қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін орындауын, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

240. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кино өнерінің даму перспективасын, кинематография экономикасын, кинематография саласының өндірісі мен оны басқаруды ұйымдастыруды, фильм өндірісінің технологиясын, кинорежиссура негіздерін.

241. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және



мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

## **Параграф 8. Цех (учаске) меңгерушісі**

242. Лауазымдық міндеттері:

цех (учаске) жұмысын жоспарлайды және басқарады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

үздіксіз кинотехнологиялық циклды қамтамасыз ететін жұмыстың орындалуын ұйымдастырады;

цех (учаске) қызметіне қатысты ішкі тәртіптеме актілерінің орындалуын және цех (учаске) атқаратын жұмыстардың уақтылы құжаттық рәсімделуін қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің құрал-жабдықтарды пайдалануын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

цехтың (учаскенің) қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарға тапсырыстар жасайды.

243. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинематография саласындағы жұмыстарды ұйымдастыру негіздерін, техникалық шарттарды.

244. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (логистика) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (логистика) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес немесе "өнер және

мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

## **Параграф 9. Кинотеатрдың бас әкімшісі**

245. Лауазымдық міндеттері:

кинотеатрдың негізгі, балалар, деректі репертуарларын жоспарлау мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастырады;

фильмдерді толықтыруды, беруді, сақтауды және жеткізуді, оларды қолданыстағы қордан шығаруды және алып тастауды қамтамасыз етеді;

фильмдердің фестивальдық және байқаулық көрсетілімдерінің бағдарламаларын жасауды қамтамасыз етеді, оларды өткізуге қатысады;

кинотеатрлардағы іс-шараларды өткізуде ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетеді;

бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарнамалау үшін фильмдерді насихаттау жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

кәсіпорын жарнамасының уақтылы таратылуы мен жапсырылуын ұйымдастырады, жарықтық жарнаманың, фотожарнаманың және көрермендерді құлақтандыратын құралдарының тиісті жағдайда болуын бақылайды және олардың техникалық ақауларын жою шараларын қолданады;

мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен шығармашылық байланыстар орнатады;

фильмдерді жалға беру жөніндегі келісім-шарттардың жасалуын, олардың орындалуын, мемлекеттік жалға алу куәліктерінің болуын қамтамасыз етеді;

кинотеатрға келушілерге тиімді және мәдени қызмет көрсету, оларға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

кассалардың билеттер сатылымы бойынша жұмысын ұйымдастырады;

ғимарат ішіндегі және оның төңірегіндегі аумақта тазалықты қамтамасыз етеді;

қарамағындағы қызметкерлердің еңбек және өндіріс тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

келушілерге қызмет көрсетудегі кемшіліктер, оларды жоюға қатысты қабылданған шаралар жөнінде басшылыққа хабарлайды.

246. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кино өнерінің даму келешегін, ұйымның техникалық жабдықталуын, қаржылық-шаруашылық қызмет негіздерін.

247. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

## **2-бөлім. Мамандар лауазымдары**

### **Параграф 1. Кино актері**

248. Лауазымдық міндеттері:

павильондық және табиғи түсірілім жағдайларында фильмдердегі рөлдерді дайындайды және ойнайды;

түсіру тобының, кино ұйымының шығармашылық және өндірістік қызметінің мәселелерін талқылауға қатысады.

249. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинодраматургия негіздерін, кино актері шеберлігінің теориясы мен тәжірибесін, кинематография тарихын, классикалық және заманауи драматургияны, музыкалық сауаттылық және хореография негіздерін, сахналық сөйлеу және сахналық қимыл-қозғалыс техникасын, тренаж және рөлмен өз бетінше жұмыс жасау әдістерін.

250. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (актерлік өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (актерлік өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (актерлік өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (актерлік өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "актерлік өнер" мамандығы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 2. Кинорежиссер**

251. Лауазымдық міндеттері:

фильм жасаудағы шығармашылық-өндірістік үдерістің ұйымдастырылуын жүзеге асырады;

түсіру тобының қоюшы-кинорежиссердің шығармашылық түпкі ойын орындауын қамтамасыз етеді;

бас сметаны жасауға, табиғи түсірілім орындарын таңдауға қатысады;

актерлерді, эпизодтық, топтық және көпшілік көріністердің қатысушыларын іріктеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

актерлердің фото және киносынамаларын ұйымдастырады;

бас сметадағы бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуды қамтамасыз етеді;

түсірілім үдерісінің тиянақтылығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ете отырып, әрбір түсірілімдік ауысымның жете және жан-жақты дайындығын жүзеге асырады;

түсірілген материалды көруді және талқылауды ұйымдастырады;

шығармашылық ұжыммен бірге фильмді дубляждау, көшірмелерді қысқарту және қайта монтаждау бойынша кешенді жұмыстарды жүзеге асырады;

фильмді дыбыстауға және музыка жазуға қатысады;

түсіру тобы қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді.

252. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

көркем кино және телефильм режиссурасы теориясын, кинодраматургия, кинооператорлық шеберлік, кинофильм монтаждау технологиясы негіздерін, киноактер шеберлігін, фильм өндірісінің технологиясы мен ұйымдастырылуын.

253. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (операторлық өнер, режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (операторлық өнер, режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (операторлық өнер, режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (операторлық өнер, режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

### **Параграф 3. Монтаж режиссері**

254. Лауазымдық міндеттері:

кинофильм монтажының шығармашылық үдерісін ұйымдастырады және тікелей жүзеге асырады;

монтаждың көркемдік-техникалық сапасын қамтамасыз етеді;

түсіріліммен қатар және түсірілім аяқталған соң монтаждау-көркемдеу кезеңінде жұмыс таспасы бойынша фильмнің монтажын жүргізеді;

бас кинооператормен бірге фильмотекалық материалды, бас дыбыс операторымен бірге фильмге арналған фонотекалық материалды таңдайды;

жазылған фонограммалар бейнелерінің түсірілген көрініс позитивтерін жүйелеу және сақтау бойынша жетекшілікті жүзеге асырады;

дубльдерді іріктеуге қатысады;

монтаж барысында материалдың әрбір бөлігінің және әрбір қиындысының жедел дайын болуын қамтамасыз етеді;

монтаждау цехына түскен барлық материалды салыстырып тексереді және жеке дубльдердің ақауларын анықтайды;

картинаның көркемдік-техникалық сапасын арттыру үшін шаралар қолданады; түсірілім кезеңінің аяқталуымен бір мезгілде, бүкіл фильмнің алғашқы монтаждау нобайының аяқталуын қамтамасыз етеді;

көркемдік жетекшіге (қоюшы-кинорежиссерге) және түсіру тобының директорына (атқарушы продюсерге) метраждағы жөнделген эпизодтардың режиссерлік сценарийде бекітілген метраждан айтарлықтай ауытқуының барлық жағдайлары жөнінде мәлімдейді;

жұмыс позитивін монтаждау барысында негативті әзірлеуді, олардың монтажға дайындығын қадағалайды.

композитормен бірге музыкалық сүйемелдеумен жүргізілетін монтаждалған эпизодтардың метражын келіседі және музыкалық екпіндерді үйлестіру үшін нақты мәлімет береді;

дыбыс операторын тарта отырып, барлық дыбыс таспаларын (музыка, қақпа сөз, шуыл) монтаждауды жүзеге асырады;

картинаның екі таспаға аударылуына дейін фильмнің соңғы монтажын, монтаждың барлық элементтерінің әрлену тазалығын тексереді, бөліктер метражын нақтылайды, картинаны қайта жазуға дайындайды;

зертханалық-трюктік өңдеулерді қажет ететін барлық кадрларды (тасқындар, перделер, ығыстырулар) тапсырады және экраннан олардың орындалу тазалығы мен мұқияттылығын тексереді.

255. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинодраматургия және кинорежиссура негіздерін, отандық және шетелдік кинематография тарихын, кинофильмдерді монтаждау технологиясын және ұйымдастыруды, музыкалық мәдениет негіздерін, кинотүсірілім технологиясын, дыбыс жазу технологиясын және вариоскопиялық және полиэкрандық түрлерін қоса алғанда, кинематографтың барлық жүйелерінің фильмдер бойынша киноматериалдарды өңдеуді, түсіру тобының жұмысын ұйымдастыруды, монтаждау бригадасының жұмысын ұйымдастыруды, монтаждау-көркемдеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қажетті техникалық нормалар мен нұсқауларды, монтаждау жабдықтарының негізгі түрлерін.

256. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

#### **Параграф 4. Кинооператор**

257. Лауазымдық міндеттері:

бейненің техникалық сапасын (фокусты, экспозицияны, панораманы) қамтамасыз етеді;

фильмнің бейнелік шешімін қамтамасыз ететін түсіру әдістері мен тәсілдерін анықтайды;

түсіру карталарын дайындауға қатысады;

қажетті түсіру аппаратурасының, материалдардың, техникалық құрылғылардың тізімін, аппаратураға, материалдарға және жарыққа өтінімдер жасайды;

аппаратураны, таспаларды, фильтрлер мен операторлық құрылғыларды техникалық сынақтан өткізеді, арнайы түсіру әсерлеріне техникалық өңдеу жүргізеді;

фото- және киносынамалар өткізеді;

операторлық топтың, жарық беру бригадасының, түсіру аппаратурасы техниктерінің жұмысына жетекшілік етеді.

258. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинодраматургия негіздерін, кинооператорлық шеберлікті, көркемдік киножарықтандыру мен кино түсірудің құрама және арнайы түрлерінің кинокомпозициялық әдістерін, тұстану, экспонметрияны, киноматериалдардың сипаттамасы мен технологиясын, кино түсіру аппаратурасын, кинотүсіру аппаратурасын және киножабдықтарын пайдалануды, түсіру аппаратурасын тасымалдау және сақтау жұмыстарын.

259. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 5. Дыбыс режиссері**

260. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің синхронды шуылдармен безендірілуі бойынша жұмысты жүзеге асырады; өз бетінше шуыл фактураларын таңдайды және синтездейді, оларды аспаптар мен арнайы құрылғыларда орындайды;

қосарлас жұмыстар кезінде өз бетінше үйлесімді шуылардың жазылуын жүргізеді; үйлесімді шуыл материалдарын қайта жазуға дайындаудың жоғары көркемдік және техникалық сапасы мен мерзімін қамтамасыз етеді.

261. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дыбыс операторлық шеберлік негіздерін, фильмді дыбыстаудың технологиялық үдерістерін, көрініс, дыбыс және монтаждың өзара көркемдік байланыстарының қағидаларын, музыкалық мәдениет пен сауаттылық негіздерін, музыкалық аспаптардың дыбыстық қасиеттерін, технологиялық жабдықтар және оны пайдалану ережелерін, отандық және шетелдік кино өнерінің және кинотехниканың тың жетістіктерін.

262. Біліктілікке қойылатын талаптар:



біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (режиссура) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 6. Қоюшы-суретші**

263. Лауазымдық міндеттері:

фильмнің бейнелеу-декорациялық шешімі мен безендірілуінің жалпы шығармашылық түпкі ойын, режиссерлік сценарийді жасауға және іске асыруға қатысады;

түсіру нысандары мен сахналардың кеңістіктік композициясы мен ауқымын анықтайды;

декорациялардың, түсіру нысандарының сызбаларын жасауды жүзеге асырады, оларды құру технологиясын, ойын кеңістігін құрайтын реквизиттер мен элементтердің құрылуы мен өңделуін анықтайды.

264. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинодраматургия негіздерін, қоюшы-суретшінің, костюмдер бойынша қоюшы-суретшінің, құрама түсірілім бойынша қоюшы-суретшінің шеберлік техникасын, кескіндеме, сурет, композиция техникасын, кинодекорациялық құрылғылар, макеттер, костюмдер дайындау техникасы мен технологиясын, фильм өндірісі технологиясы мен ұйымдастырылу негіздерін.

265. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы

бойынша біліктілігі орта деңгейлі ІІ санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) ІІ санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 7. Суретші-гримдеуші**

266. Лауазымдық міндеттері:

қоюшы-режиссердің жалпы шығармашылық түпкі ойына сәйкес грим және постиж құралдарымен кинокартина кейіпкерлерінің сыртқы кейіптерін жасайды;

көркем гримнің жағылу сапасын, кинокартинаның жалпы бейнелік стиліне сәйкес әрекет жасайтын әр қатысушы тұлғаның портреттік мінездемесінің біртұтастығын сақтауды қамтамасыз етеді;

соңғы гримдерді бекітеді, негізгі орындаушыларды гримдейді, эпизодтардың кейіпкерлерін, топтық және көпшілік сахналардың қатысушыларын гримдеуге қатысты гримдеуші-постижерлердің жұмысына жетекшілік етеді, постижерлік бұйымдарды жөндеу және дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

267. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кейіпкерлердің сыртқы келбетін қалыптастыру сызбаларын жасауды, грим (опа-далап) өндірісінің технологиясын, барлық постижерлік бұйымдарды жасау тәсілдерін, визажист жұмысының техникасын, тұстану негіздерін, көркем жарықтандыру, жарық фильтрлерін белгілеу қағидаларын, пластикалық бөлшектерді жасау кезінде қолданылатын материалдардың қасиеттерін, грим түрлерін, заманауи косметология жетістіктерін, санитарлық-гигиеналық нормаларды.

268. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі І санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 8. Суретші-декоратор**

269. Лауазымдық міндеттері:

қоюшы-суретшінің фильмнің декорациялық шешімі мен оны түсіру нысандары бойынша шығармашылық түпкі ойын іске асырады;

декорациялық және түсірілім нысандарын жобалауды, декорацияның архитектуралық элементтерінің бөлшектерін, жиһаздың, реквизиттің эскизін, декорациялық нысандардың сызбасын, сондай-ақ олардың құрылысы бойынша жұмыс сипаттамасын жасайды;

қоюшы-суретшінің эскиздеріне сәйкес жиһаз, реквизит, декорацияны әрлеуге арналған материалдарды іріктеуді жүзеге асырады.

Декорацияларды жасауға және құрастыруға қатысады.

270. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинодраматургия, суретші-декоратордың шеберлік негіздерін, кескіндеме, сурет және сызбаларды, кинодекорациялық құрылыс өндірісінің техникасы мен технологиясын.

271. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 9. Костюмдер бойынша суретші**

272. Лауазымдық міндеттері:

бейнелі-мазмұнды көрсетілімнің жалпы шығармашылық түпкі ойы мен фильмдегі қатысушы тұлғалардың мінездемелерін, олардың костюмдері мен жеке реквизиттерін жасайды және жүзеге асырады;

сценарий мен режиссерлік түсіндірмеге және фильмнің бейнелік-декорациялық шешіміне сәйкес бейнеленіп отырған заманды шынайы сипаттайтын стильдік, үндестік, түстік шешімді ашады;

әрекет етуші тұлғалардың костюмдерінің бейнелік экспликациясын, топтық көпшілік көріністер кейіпкерлерінің эксиздерін жасайды;

фильмнің қоюшы суретшісімен бірге әрекет етуші тұлғалардың және олардың костюмдерінің көркемдік-бейнелік міндеттерін шешеді;

фильмнің идеялық-көркемдік сапасын, оның көркемдік-пластикалық шешімін қамтамасыз етеді, фильмнің стильдік біртұтастығы мен қойылымдық ерекшеліктерін анықтауға қатысады.

273. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

кинодраматургия негіздерін, костюмдер бойынша қоюшы-суретшінің техникалық шеберлік негіздерін, костюм композициясы, тұстану өнерін, кинооператорлық шеберлік, кескіндеме, сурет шеберлігі негіздерін, костюм, сәулет, стиль мен тұрмыс тарихын.

274. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **Параграф 10. Суретші**

275. Лауазымдық міндеттері:

фильмдердің алдын ала және ағымдағы жарнамасы бойынша көркемдік-безендіру жұмыстарының, кинотеатр көрмелерінің уақтылы әрі сапалы орындалуын және өткізілетін іс-шараларды жүргізуді жүзеге асырады, кинотеатрдың қасбетін, ішкі көрінісін, сахнасын, жарнама басылымдарын (буклеттер, афишалар, шақыру билеттері, кинотеатрдың бланктерін, клише) көркемдік безендіру нобайын жасайды;

фильмдердің қасбеттік жарнамалары үшін фотосуреттер, плакаттар, көрнекті және мәтіндік материалдарды іріктеуді, жарнаманы көркемдік және түсті безендірудің барынша ұтымды шешімдерінің нұсқаларын және фильмдер туралы басқа да ақпараттарды іздеуді жүзеге асырады, безендіру жұмыстарының дұрыс іске асыруларын бақылайды.

276. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

витриналарды көркемдік безендіру бойынша әдістеме мен нұсқаулықтарды.

277. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім немесе техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша мәдениет саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

### **3-бөлім. Басқа қызметшілердің (техникалық орындаушылар) лауазымдары**

#### **Параграф 1. Дыбыс операторы**

278. Лауазымдық міндеттері:

кинокартинадағы дыбыстың көркемдік және техникалық сапасын қамтамасыз етеді; кинорежиссермен фильмнің дыбыстық құрылымының жоспарын жасауға қатысады; дыбыстехникалық аппаратураны және фильмнің дыбыстық қатарын техникалық қамтамасыз етуді дайындайды;

сапалы жазба үшін дыбыс аппаратурасының тиімді жұмыс тәртібін анықтайды;

сөз бен шуылдың дыбысталуын, әуен жазуды қамтамасыз етеді;

түсірілімнің басталуына қарай барлық дыбыстық тракттың дайындығын қамтамасыз етеді;

талап етілген дыбыс бейнелері мен фактураларын жасау үшін дыбыс құрамдарының фонограммаларын өңдейді, дыбыс таспаларын монтаждауды, қайта жазуды жүргізеді;

қайта жазу үшін картинаның дыбыстық жоспарына сәйкес картинаның құрамдас дыбыстық элементтерінен тұратын фильмнің негізгі дыбыстық композициясын жасайды.

279. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дыбыс операторлық шеберлік техникасын, көріністің, дыбыстың, монтаждың көркемдік үйлесімдік қағидаларын, дыбыс жазудың трюктік және арнайы түрлерінің әдістерін, дыбысты стереофондық жіберу әдістерін, дыбыс тасымалдаушылар мен олардың сипаттамаларын, дыбыс жазушы аппаратураны, техникалық жағдайларды, фильм өндірісі технологиясының, монтаждаудың негіздерін.

280. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.



## **Параграф 2. Билеттерді тексеруші**

281. Лауазымдық міндеттері:

тұрақты спектакльдер мен іс-шараларда көрерменге қызмет көрсету мәдениетін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүзеге асырады;

келушілерге қызмет көрсету мәдениетін және іскерлік байланыс әдебін сақтай отырып, билеттерді тексеруді және өтеуді жүзеге асырады;

көрермендердің залда және қосалқы бөлмелерде бағдар алуларына көмек көрсете отырып, залдағы көрермендерді ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады;

кинотеатрдың көрермендер залы мен фойесінде тәртіп пен тазалықтың сақталуы мен болуын қамтамасыз етеді;

көшпелі және гастрольдік спектакльдерді ұйымдастыру кезінде оларды өткізетін жерге барып, билеттердің, бағдарламалардың, бүктемелердің таратылуымен айналысады, түскен қаржыны уақтылы кинотеатр бухгалтериясына өткізеді.

282. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

көрермендерге қызмет көрсетуді ұйымдастырудың ережелері мен әдістерін, эстетика және іскерлік қарым-қатынастың этика негіздерін.

283. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, жалпы орта білім.

## **4-тарау. Музейлердің, музей-қорықтардың басшыларының, мамандарының және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары**

### **1-бөлім. Басшылық лауазымдары**

#### **Параграф 1. Музей (музей-қорық) басшысы (директоры)**

284. Лауазымдық міндеттері:

мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорын қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын үйлестіреді;

музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламалары мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді;

ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді, Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының және шет елдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады;

директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жекелей бағыттарын бөледі;

шарттарды жасайды және бұзады, мәмілелер жасайды, сенімхаттар береді, қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді;

еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

285. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі – Азаматтық кодексі);

Бюджет кодексін;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін;

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодексі);

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын.

286. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білімі:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары,

математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

1) республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың музейлері (музей-қорықтары) үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес;

2) қалалық, аудандық маңызы бар музейлер (музей-қорықтары), филиалдар үшін:

2) I санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (бейнелеу өнері және сызу) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

3) II санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (бейнелеу өнері және сызу) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (бейнелеу өнері және сызу) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санаттағы маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби)

білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 1 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "білім беру" мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

#### **Параграф 11. Ұжым (үйірме) жетекшісі**

407. Лауазымдық міндеттері:

мәдени-демалыс ұйымдардың репертуарын қалыптастыруға қатысады;

қажетті музыкалық материалдарды таңдайды;

мамандардың кеңестерін ұйымдастырады;

шығармашылық одақтармен, орындаушылармен, композиторлармен, авторлық құқықтарды қорғау жөніндегі органдармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады;

шығармашылық өтінімдерді қарастырады, олар бойынша қорытындылар береді;

жаңа туындыларды, жаңа орындаушыларды талқылауды ұйымдастырады, оларды шығармашылық ұжымның жаңа бағдарламаларына енгізуге ұсыныс жасайды;

жаңа шығармаларды жасау немесе сатып алу шарттарын дайындайды;

авторлардың шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді;

жарнамалық материалдарды редакциялайды және олардың шығуын қадағалайды;

баспасөзбен байланысты жүзеге асырады, ұжымның шығармашылық өмірі туралы ақпараттық материалдарды дайындайды және жариялауға тапсырады.

408. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Жарнама туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

орындаушылық өнер ұйымдары қызметінің бағытын, музыкалық өнер тарихын, музыкалық теория мен аспаптану негіздерін, классикалық және заманауи музыкалық репертуарларды, кәсіби оркестрлеу, өңдеу тәсілдерін.

409. Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім" (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім" (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: "өнер және мәдениет" немесе "білім" (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, "өнер және мәдениет" немесе "білім" (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

## **7-тарау. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі орталық (инспекция) басшыларының, мамандарының біліктілік сипаттамалары**

### **1-бөлім. Басшылар лауазымдары**

#### **Параграф 1. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі орталықтың (инспекцияның) басшысы (директоры)**

##### **410. Лауазымдық міндеттері:**

қызметкерлердің қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды жүзеге асырады, тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды және сақталуын қамтамасыз етеді;

тарих және мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-қалпына келтіру және археологиялық жұмыстарының жүргізілуіне ұсыныстар береді, енгізеді және бақылайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуына қауіп төндіретін қызметті тоқтату немесе тыйым салу туралы өтініш береді;

құқық қорғау органдарына Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заң нормаларын бұзған азаматтарды, ұйымдағы (кәсіпорындағы) және мекемедегі жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс (актілер) енгізеді;

мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуын және оның өз қызметінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

инспекция қызметкерлерін жұмысқа тағайындайды және жұмыстан босатады;

жеке және заңды тұлғалармен келісім жасасады және бұзады, мәмілелер, операциялар жасайды, бұйрық шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және ұйымдар алдында мекеменің мүдделерін қорғайды және өкілдік етеді.

411. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін;

Еңбек кодексін;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

412. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білімі:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі орталықтары (инспекциялары) үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес.

## **Параграф 2. Бас инспектор**

### 413. Лауазымдық міндеттері:

жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне жүргізілетін ғылыми-қалпына келтіру және (немесе) археологиялық жұмыстар бойынша ғылыми-жобалық құжаттарды қарастырады және мақұлдайды, тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен елді мекендерді жоспарлау, құрылыс салу және реконструкциялау жобаларын қарастырады;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің жағдайын, тарихи орта мен құрылыстардың сақталуын тексеруге қатысады, тексеру нәтижелері бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуі, бұзылу қаупі мен ескерткіштерді бұзу туралы ұсыныстар енгізеді;

жер иелерімен өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді;

жүргізілген зерттеулер негізінде нысандарды жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу мәселелерін талқылау үшін алдын ала тізімдер жасайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, қалпына келтіру, консервациялау және ыңғайландыру, олардың аумағын абаттандыруға байланысты тиісті өзгерістерді есептік құжаттарға енгізеді;

ескерткіштің меншік иелерімен және пайдаланушыларымен қорғау міндеттемелерін , қорғау және қорғау-жалға алу келісім-шарттарын жасауға қатысады;

нысандарды тарих және мәдениет ескерткіші ретінде тану, сондай-ақ оларды бұл мәртебесінен айыру туралы қорытындыларды дайындау бойынша арнайы комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

тарихи-мәдени мұра бойынша мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысады.

414. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын.

415. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (құқық) және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (құқық) және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

**Параграф 3. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі орталықтың (инспекцияның) құрылымдық бөлімшесінің (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың) жетекшісі**

416. Лауазымдық міндеттері:

тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау бойынша жұмыстарға (тарих және мәдениет ескерткіштері, ескерткіштерді қорғау аймағы орналасқан қалалық және елді мекендердің қалпына келтіру, құрылыс-қайта құру жобалары) қатысты ғылыми-жобалық құжаттамаларды жасайды;

облыс аумағында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің бастапқы тарихи қалпын сақтап қалу үшін тарих және мәдениет ескерткіштерінің техникалық немесе жалпы жағдайын анықтайтын тексеру жұмыстарына қатысады;

тексеру қорытындылары бойынша тарих және мәдениет нысандарының жағдайына, орнын ауыстыруына қатысты тиісті ұсыныстар дайындайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алу бойынша жұмыстарды, қорғау және жүргізілетін зерттеулер жөніндегі құжаттамаларды дайындау, қалпына келтіру жұмыстарын қамтамасыз етеді;

тарих және мәдениет ескерткіштерін жөндеу, бастапқы тарихи қалпына қайтару, қалпына келтіру, жаңарту, жақсарту, тарих және мәдениет ескерткіштері аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары бойынша есептік құжаттамаларға тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар дайындайды;

нысандарды алдын ала тізімдер мен тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу туралы ұсыныстар енгізеді, облыстың тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын құрастыруға қатысады;

ескерткішті пайдаланушылар мен жеке меншік иелері үшін олардың қорғау міндеттемелерін, жалға беру шарттарын әзірлейді;

нысандарды тарих және мәдениет ескерткіші ретінде тану, оларды бұл мәртебесінен айыру үшін қажетті құжаттарды әзірлеу жұмыстарын бақылайды;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің археологиялық және ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарына қатысады.

417. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын.

418. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқық) және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер



және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқық) және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

## **2-бөлім. Мамандар лауазымдары**

### **Параграф 1. Инспектор**

419. Лауазымдық міндеттері:

ескерткіштер мен олардың қорғалу аймақтарында жүргізілетін жұмыстар түрлеріне, тарих және мәдениет ескерткіштері бар қалалар мен елді мекендерді жоспарлау, құрылыс салу және қайта құру жобаларының ғылыми-жобалық құжаттарын қарауға және келісуге қатысады;

тарих және мәдениет ескерткіштерінің жай-күйін, тарихи құрылыстар мен ортаның сақталуын тексеруге қатысады;

жүргізілген зерттеулер негізінде тарихи-мәдени мұра нысандарының тізімін, ескерткіштердің есепке алу-қорғау құжаттамаларын жасайды;

ескерткіштерді жөндеу, қалпына келтіру, консервациялау және бейімдеу, олардың аумақтарын абаттандыру жұмыстарына байланысты тиісті өзгерістерді есеп құжаттамасына енгізеді;

нысандарды алдына ала тізімге және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізу жөніндегі есептік құжаттамаларды дайындауға қатысады;

облыстық мәдениет басқармалары атынан ескерткіштің меншік иелерімен және пайдаланушыларымен қорғау міндеттемелерін жасау бойынша жұмыстарды жүргізеді;

нысандарды тарих және мәдениет ескерткіші ретінде тану, сондай-ақ оларды бұл мәртебесінен айыруға байланысты арнайы комиссияның жұмысын ұйымдастыруға қатысады.

420. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін;

Еңбек кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын.

421. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат (мәдениеттану) және/немесе бизнес, басқару және құқық (құқық) және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс

саласы (сәулет, құрылыс) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

## **8-тарау. Реставрациялау жұмыстары ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары**

### **1-бөлім. Басшылық лауазымдары**

#### **Параграф 1. Реставрациялау жұмыстары ұйымының басшысы (директоры)**

422. Лауазымдық міндеттері:

ұйымның өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін басқарады;

ұйым мүлкінің сақталуына және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады;

ұйым қызметінің саясаты мен стратегиясын айқындайды, жарғылық қызметті жүзеге асыру кезінде, ғылыми-реставрациялау жұмыстарын орындау кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет пен қоғамның мүддесі үшін қорғау және пайдалану кезінде оның бөлімшелерінің, филиалдарының жұмысын үйлестіреді;

ғылыми-реставрациялау жұмыстарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалануға байланысты жоспарларды, бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға басшылық етеді;

ғылыми-зерттеу қызметіне басшылық жасайды, Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен танымал етуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының және шет елдердің мәдениет ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау жөнінде шаралар қабылдайды;

директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың басшылары мен мамандары арасында жұмыстың жекелеген бағыттарын бөледі.

423. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік

сатып алулар туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын;

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

424. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білімі:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;;

республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың реставрациялау жұмыстары ұйымдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес.

## **Параграф 2. Реставрациялау жұмыстары ұйымы басшысының (директорының) орынбасары**

425. Лауазымдық міндеттері:

өз қызметін ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және филиалдармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады;

ұйым қызметінің бағыты бойынша тұжырымдаманы, жоспарларды, бағдарламаларды және жобаларды әзірлеуге қатысады, олардың орындалуы бойынша жұмысты бақылайды;

ескерткіштерді зерттеу бойынша жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етеді, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану мақсатында ғылыми-реставрациялау, зерттеу жұмыстары саласында әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысады;

тарихи-мәдени мұра объектілерінің бүтіндігін және сақталуын, консервациялау мен реставрациялаудың жай-күйі мен оларды дұрыс есепке алуды қамтамасыз етеді;

шарттық міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын, жеткізушілермен, тапсырыс берушілермен қаржылық-шаруашылық операциялардың ресімделуін қамтамасыз етеді;

ұйымның перспективалық және ағымдағы жоспарларын құруды қамтамасыз етеді;

ұйымның ішкі еңбек тәртібі мен жұмыс режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

ұйым директоры шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

аттестаттауды өткізу және жұмыс орындарын ұтымды ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді қамтамасыз етеді, ұйымның құрылымдық бөлімшелері үшін кадрларды іріктеуді жүзеге асырады және оларды ұйым директорына ұсынады.

426. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын;

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

427. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың реставрациялау жұмыстары ұйымдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 4 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 3 жылдан кем емес.

### **Параграф 3. Реставрациялау жұмыстары ұйымы филиалының (басшысы) директоры**

428. Лауазымдық міндеттері:

өз қызметін ұйым директорының жалпы басшылығымен жүзеге асырады, директордың орынбасарымен, ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен өзара іс-қимыл жасайды;

филиал мүлкінің сақталуына және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады;

ұйым қызметінің бағыттары бойынша тұжырымдамаларды, жоспарларды, бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге қатысады, олардың орындалуы бойынша жұмысты бақылайды;

филиалдың әкімшілік-шаруашылық және қаржы мәселелері бойынша жұмысты басқарады;

ғылыми-реставрациялау жұмыстары барысында туындайтын жобалық шешімдердің өзгерістерін қарауға және келісуге қатысады (қажет болған жағдайда) материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды (ғылыми-реставрациялау жұмыстарының сапасын төмендетпей) ауыстыру жөніндегі мәселелерді жедел шешеді;

қаржылық тәртіптің сақталуын, шарттық міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын, жеткізушілермен, тапсырыс берушілермен қаржылық-шаруашылық операциялардың ресімделуін қамтамасыз етеді;

қаржы қаражатының қозғалысы мен мақсатты пайдаланылуының жай-күйін, филиалдың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін қамтамасыз етеді;

филиалдың перспективалық және ағымдағы қаржы жоспарларын және ақша қаражатын жасауды қамтамасыз етеді;

филиалды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау бойынша шаралар қабылдайды;

қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау бойынша өндірістік және еңбек тәртібін.

429. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Бюджет кодексін;

Еңбек кодексін;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын;

ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

430. Біліктілікке қойылатын талаптар:

білімі:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

жұмыс өтілі:

республикалық, облыстық маңызы бар, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың, астананың реставрациялау жұмыстары ұйымдарының филиалдары үшін:

мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 4 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 3 жылдан кем емес.

#### **Параграф 4. Реставрациялау жұмыстары ұйымының құрылымдық бөлімшесінің (сектордың, бөлімнің, топтың) жетекшісі**

431. Лауазымдық міндеттері:

құрылымдық бөлімшенің жұмысын басқарады, оның қызметін қамтамасыз етеді; жетекшілік ететін қызметкерлердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін ұйым жұмысының тиімділігін арттыруға бағыттайды;

заңнама, жарғы, ішкі құжаттар, бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, шарттар мен басқа да ұйымда дайындалатын құқықтық сипаттағы құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады;

ұйым меншігінің сақталуын қамтамасыз ету, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

меншік нысанына қарамастан отандық және шетелдік ұйымдармен меморандумдардың, шарттардың және басқа да келісімдердің әзірленуіне және ресімделуіне бақылауды жүзеге асырады;

ұйымның банктерді қоса алғанда, мемлекеттік бюджет, жинақтаушы зейнетақы және сақтандыру қорлары, жеткізушілер, тапсырыс берушілер және кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындауын, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

ұйымның қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық, әкімшілік, сыртқы байланыстарын жүзеге асыруда заңдылықтың сақталуын, қаржылық басқару және нарықтық жағдайларда жұмыс істеу, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу үшін құқықтық құралдарды пайдалануды қамтамасыз етеді;

материалдық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру (материалдық ресурстарды үнемдеу, оларды сатып алумен, жеткізумен және сақтаумен байланысты шығындарды азайту, қымбат және тапшы материалдарды алмастыру, жергілікті ресурстарды, өндіріс қалдықтары мен қайталама шикізатты пайдалану) жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ материалдар мен өндірістік қорлардың шығыс нормаларын әзірлеуге және енгізуге қатысады;

жеткізушілермен шаруашылық байланыстарды қалыптастыру және кеңейту, жаңа, неғұрлым тиімді тауар нарықтарын игеру, нарық конъюнктурасын қадағалау бойынша жұмысқа қатысады;

ұйымды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің перспективалық және жылдық жоспарларын әзірлеуге, оларға есептер мен негіздемелер дайындауға қатысады ;

құрылымдық бөлімшенің жұмысын регламенттейтін құжаттардың орындалуын қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің (реставраторлардың) біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, олардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша, өрт, өндірістік қауіпсіздік және еңбек тәртібі жөніндегі қағидалардың сақталуын қамтамасыз етеді.

432. Білуі тиіс:

Конституцияны;

Азаматтық кодексін;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін;

Бюджет кодексін;

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын.

433. Біліктілікке қойылатын талаптар:

кадрларды дайындау бағыттарының бірі: инженерлік, өңдеу және құрылыс (сәулет, құрылыс) және/немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: инженерлік, өңдеу және құрылыс (сәулет, құрылыс) және /немесе бизнес, басқару және құқық (экономика, құқықтану) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 4 жылдан кем емес.



## 2-бөлім. Реставрациялау жұмыстары ұйымы мамандарының лауазымдары

### Параграф 1. Археолог

434. Лауазымдық міндеттері:

археологиялық зерттеулер кешенін орындайды;

далалық және камералдық жағдайларда археологиялық зерттеулер жүргізеді;

казба жұмыстарын, заттарды, археологиялық ақпараттар мен материалдарды жинауды, сондай-ақ оларды құжаттауды жүзеге асырады;

табылған заттарды, ақпаратты және нақты материалдарды талдайды, жүйелейді, жинақтайды;

зерттелетін ауданның графикалық археологиялық материалдарын (сызбалар, карталар, қималар, жоспарлар) жасайды;

өз бетінше және мамандардың қатысуымен жұмыстардың археологиялық нәтижелері туралы есептер жасайды және басқа археологиялық материалдарды ( хабарламалар, баяндамалар, есептер) әзірлейді;

археологиялық жұмыстар бойынша әдістемелік ережелерді, нұсқаулықтар мен талаптарды сақтайды;

заттар мен материалдар жинағын құрастырады, табылған заттардың сипаттамасын анықтайды.

435. Білуі тиіс:

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы", "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын;

экономика және еңбек заңнамасының негіздерін;

археологиялық зерттеулер жүргізу әдістеріне қатысты әдістемелік материалдарды;

археологиялық зерттелгендігі және жұмыс ауданының археологиясы туралы мәліметтерді;

археологиялық жұмыстардың даму перспективаларын, казба жұмыстарына қойылатын талаптарын;

археологиялық жұмыстарды жоспарлау және қаржыландыру тәртібін;

археологиялық зерттеулерді жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін, ұйымдастыруын және құралдарын;

археологиялық жұмыстардың түрлері мен тәсілдерін, сондай-ақ оларды өндіру техникасы мен технологиясының негізгі параметрлерін;

археологиялық жұмыстар мен археологиялық материалдардың сапасына қойылатын талаптарды;

дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын.

436. Біліктілікке қойылатын талаптар:

өнер және гуманитарлық ғылымдар (тарих, археология және этнология, музей ісі және ескерткіштерді қорғау) кадрларды дайындау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

### 9-тарау. Қызметшілер лауазымдарының алфавиттік көрсеткіші

437. Қызметшілер лауазымдарының алфавиттік көрсеткіші біліктілік сипаттамаларына қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік мәдениет  
ұйымдары басшылары,  
мамандары және басқа да  
қызметшілері лауазымдарының  
үлгілік біліктілік  
сипаттамаларына  
қосымша

### Қызметшілер лауазымдарының алфавиттік көрсеткіші

№ п/п	Наименование должностей служащих
1	2
1-тарау. Жалпы ережелер	
2-тарау. Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрлар, концерттік ұйымдар, цирктер) басшылары, мамандары және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	
1.	Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйымының (театрлар, концерттік ұйымдар, цирктер) басшысы (директоры)
2.	Ойын-сауық және театрлық ойын-сауық ұйым (театрлар, концерттік ұйымдар, цирктер) басшысының (директорының) орынбасары
3.	Цирктің бағдарламаларды шығару бойынша шығармашылық ұжымының жетекшісі
4.	Бас режиссер
5.	Бас дирижер
6.	Бас балетмейстер
7.	Бас хормейстер
8.	Бас суретші
9.	Бас әкімші (спектальдерді, концерттерді, цирк көрсетілімдерін ұйымдастыру жөніндегі менеджер)
10.	Әдеби-драмалық бөлім меңгерушісі (жетекшісі)
11.	Музыка бөлімінің меңгерушісі (жетекшісі)
12.	Труппа меңгерушісі (жетекшісі)
13.	Көркемдік-қойылымдық бөлімінің меңгерушісі (жетекшісі)
14.	Өндірістік шеберхана меңгерушісі (жетекшісі)

15.	Театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрлар, концерттік ұйымдар, цирктер) топ (оркестр, ансамбль), бөлім жетекшісі
16.	Театрлық-концерттік ұйымдардың көркемдік жетекшісі
17.	Қоюшы-режиссер
18.	Режиссер
19.	Дыбыс режиссері
20.	Қоюшы-балетмейстер
21.	Театрдың (опера және балет, музыкалық комедия, музыкалық драма), цирктің балетмейстері
22.	Дирижер
23.	Хормейстер (хор дирижері)
24.	Қоюшы-суретші
25.	Суретші-гример
26.	Жарық түсіру бойынша суретші
27.	Суретші-бутафор
28.	Концертмейстер (әртістер-жеке орындаушылардың (вокалшылардың), хордың, балеттің)
29.	Вокал (балет) бойынша үйретуші
30.	Сахналық қимылды үйретуші
31.	Цирк нөмірлерін үйретуші
32.	Сүйемелдеуші-концертмейстер
33.	Музыкатанушы-дәріскер
34.	Режиссердің көмекшісі
35.	Режиссердің (дирижердің, балетмейстердің, хормейстердің) ассистенті
36.	Театр (опера және балет, музыкалық комедия, сатира, драма, музыкалық драма, қуыршақтар) әртісі, әртісі-жеке орындаушысы (вокалшысы)
37.	Концерттік ұйымдардың (музыкалық ұжымның) әртісі-жеке орындаушысы (вокалшы, аспапта ойнаушы)
38.	Балет (опера және балет, музыкалық комедия театры) әртісі
39.	Балет ансамблінің (би ұжымының) әртісі
40.	Симфониялық (камералық) оркестр (ансамбль) әртісі
41.	Халық аспаптары оркестрінің (ансамблінің) әртісі
42.	Эстрада оркестрінің (ансамблінің) әртісі
43.	Үрмелі аспаптар оркестрінің әртісі
44.	Хор әртісі
45.	Театрдың (концерттік ұйымның, цирктің) қосалқы құрамының әртісі

46.	Концерттік және театрлық ойын-сауық ұйымдардың (театрдың, концерттік ұйымдардың, цирктің) арт-менеджері
47.	Шығармашылық ұжым (оркестр, балет, хор, режиссерлік басқарма) инспекторы
48.	"Жонглерлік" жанрының (ат үстінде, топтық, жеке) әртісі
49.	"Клоунада" жанрының (сатирикалық, музыкалық, музыкалық эксцентрика, клоун-жаттықтырушылар) әртісі
50.	"Сатира" жанрының әртісі
51.	"Атлетика" жанрының (күш жонглерлері, атлеттер) әртісі
52.	"Сикыр" жанрының (иллюзия, манипуляция) әртісі
53.	"Эквилибристика" жанрының (партерлік, қол эквилибр, сырықпен және сатымен, ауыспалы сатыда, еркін тұратын сатыда, арқанда, шпрунг арқанда, сымда, қатты тартылған сымда, әлсіз тартылған сымда, шарларда, шарғыда, велофигуристер, әуе, штейн басқышта) әртісі
54.	"Гимнастика" жанрының (партерлік, белтемірде, сақинада, күш сақинасында, швунгті сақинада, әуе гимнастикасы, трапецияда, қос трапеция, топтық трапеция, швунгті трапеция, корд де воланда, тік арқанда, жиектемеде, бамбукте, ұшу, жалаң ұшу, айқасқан ұшу, топтық ұшу) әртісі
55.	"Жаттықтыру" жанрының (атты топ, ат үстіндегі жоғарғы мектеп, кабриолет, тандем, еркін жаттықтыру, аппортировка, топтық жаттықтыру, ұсақ жануарлар, ірі жануарлар, жыртқыш аңдар, құстар) әртісі
56.	"Акробатика" жанрының (партерлік, секіргіш, жеке секіру, топтық секіру, трамплиннен секіру, иық акробатикасы, лақтыратын тақтайлармен, икарий ойындары, батутта секіру, темптік және каскадтық, күштік, жұптық, топтық, пластикалық, дара, атпен, ат үсті акробатикасы, сальтоморталистер, жокейлер, па-де-де, па-де-тура, гротеск, вольтиж, шабандоздық, әуе, жиектемеде, штампбортта) әртісі
57.	Цирктің негізгі емес жанрларының (вентрология, имитаторлар, мнемотехника, роликпен жүгірушілер, тарелкалар, бұғалық, шеңберлер, стрелкалар) әртісі
58.	Цирк балетінің әртісі
59.	Цирк әртісінің ассистенті
60.	Театрлық ойын-сауық ұйымның (театрдың, концерттік ұйымның, цирктің) әкімшісі
61.	Музыкалық жетекші (редактор)
62.	Музыкалық әрлеуші

63.	Музыкалық дыбыс режиссері-көркемдеуші ((көркемдеуші), көркемдеуші-композитор (көркемдеуші), эстрада композиторы-көркемдеуші (көркемдеуші))
64.	Халық музыкасын зерттеу саласындағы музыкатанушы
65.	Декорация жөніндегі оператор (жарық аппаратурасы бойынша)
66.	Дыбыс жазу операторы (дыбыс операторы)
67.	Суфлер
68.	Әртіс-Конферансье
69.	Зоотехник
70.	Ветеринар дәрігер
71.	Зертханашы
72.	Киім қоймасының меңгерушісі
3-тарау. Кинематография ұйымдарының және кинотеатрлардың басшылары, мамандары және басқа да қызметшілерінің біліктілік сипаттамалары	
73.	Кинематография ұйымының және кинотеатрдың басшысы (директоры)
74.	Кинематография ұйымы және кинотеатр басшысының (директорының) орынбасары
75.	Бас режиссер
76.	Бас дыбыс режиссері
77.	Бас кинооператор
78.	Бас суретші
79.	Құрылымдық бөлім жетекшісі (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың, труппаның )
80.	Цех (учаске) меңгерушісі
81.	Кинотеатрдың бас әкімшісі
82.	Кино актері
83.	Кинорежиссер
84.	Монтаж режиссері
85.	Кинооператор
86.	Дыбыс режиссері
87.	Қоюшы-суретші
88.	Суретші-гримші
89.	Суретші-декоратор
90.	Костюмдер бойынша суретші
91.	Суретші
92.	Дыбыс операторы
93.	Билеттерді тексеруші
4-тарау. Музейлердің, музей-қорықтардың басшыларының, мамандарының және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	

94.	Музей (музей-қорық) басшысы (директоры)
95.	Музей (музей-қорық) басшысының (директорының) орынбасары
96.	Бас қор сақтаушы
97.	Бас редактор
98.	Бас суретші
99.	Музей (музей-қорық) филиалының басшысы (директоры, меңгерушісі)
100.	Музейдің (музей-қорық) құрылымдық бөлімшесінің (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың) жетекшісі
101.	Қалпына келтіру шеберханасының меңгерушісі
102.	Қор сақтаушы
103.	Архивист
104.	Суретші-қалпына келтіруші
105.	Дизайнер, суретші-дизайнер
106.	Экспозициялар мен көрмелерді ұйымдастыру жөніндегі суретші-әрлеуші
107.	Экскурсия жетекшісі
108.	Әдіскер
109.	Редактор
110.	Музей қараушысы
5-тарау. Кітапхана басшылары, мамандары және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	
111.	Кітапхана басшысы (директоры, меңгерушісі)
112.	Кітапхана басшысының (директорының, меңгерушісінің) орынбасары
113.	Кітапхананың құрылымдық бөлімшесінің (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың) жетекшісі
114.	Кітапханашы
115.	Библиограф
116.	Әдіскер
117.	Мультимедиалық басылымдармен жұмыс жөніндегі кеңесші
6-тарау. Мәдени-демалыс ұйымдары басшылары, мамандары және басқа қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	
118.	Мәдени-демалыс ұйым (клубтар, мәдениет пен демалыс саябақтары, мәдениет үйлері мен сарайлары, халық шығармашылығы (үйлері) орталықтары және басқалар) басшысы
119.	Мәдени-демалыс ұйым (клубтар, мәдениет пен демалыс саябақтары, мәдениет үйлері мен сарайлары, халық шығармашылығы (үйлері) орталықтары және басқалар) басшысының орынбасары

120.	Планетарий директоры
121.	Мәдени-демалыс ұйым (клубтар, мәдениет пен демалыс саябақтары, мәдениет үйлері мен сарайлары, халық шығармашылығы (үйлері) орталықтары және басқалар) құрылымдық бөлімшесінің (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың) меңгерушісі (жетекшісі)
122.	Астрономиялық алаңқай меңгерушісі
123.	Мәдениет және демалыс саябағын пайдалану бөлімінің меңгерушісі
124.	Клуб меңгерушісі
125.	Режиссер, дирижер, хормейстер, балетмейстер, концертмейстер, мәдени-демалыс ұйымының (көркемөнерпаздар ұжымы) көркемдік жетекшісі
126.	Қоюшы-балетмейстер (ән және би ансамблі)
127.	Әдіскер
128.	Кітапханашы
129.	Мәдени ұйымдастырушы
130.	Бағдарлама жасау жөніндегі әдіскер
131.	Хореограф
132.	Би кешін жүргізуші (Диск-жокей)
133.	Сүйемелдеуші
134.	Суретші (суретші-безендіруші)
135.	Ұжым (үйірме) жетекшісі
7-тарау. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі орталық (инспекция) басшыларының, мамандарының біліктілік сипаттамалары	
136.	Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі орталықтың (инспекцияның) басшысы (директоры)
137.	Бас инспектор
138.	Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау жөніндегі орталықтың (инспекцияның) құрылымдық бөлімшесінің (орталықтың, қызметтің, сектордың, бөлімнің, топтың) жетекшісі
139.	Инспектор
8-тарау. Реставрациялау жұмыстары ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	
140.	Реставрациялау жұмыстары ұйымының басшысы (директоры)
141.	Реставрациялау жұмыстары ұйымы басшысының (директорының) орынбасары
142.	Реставрациялау жұмыстары ұйымы филиалының (басшысы) директоры
143.	Реставрациялау жұмыстары ұйымының құрылымдық бөлімшесінің (сектордың, бөлімнің топтың) жетекшісі
144.	Археолог

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК